

Еңбекақы төлеудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 23 ақпан N 281

"Мемлекеттік қызмет туралы" Z990453_ және "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Z990493_ Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімін және Мемлекеттік әкімшілік лауазымдар санаттарының тізбесін бекіту туралы" 1999 жылғы 29 желтоқсандағы N 318 U990318_ және "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 1 сәуірдегі N 3436 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2000 жылғы 6 қаңтардағы N 324 U000324_ Жарлықтарының қолдануға енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемлекеттік органдардың штаттық кестелерін келісу кезінде еңбекақы төлеу қорында жылына төрт орташа айлық жалақыны есептегенде қосымша ақыларды, үстеме ақыларды, коэффициенттер мен сыйақыларды ескере отырып (депутаттардан басқа), қызметкерлердің сауықтыруға арналған жәрдемақыны қоса алғанда орташа айлық жалақысы 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап бұрын алып жүрген 1999 жылғы орташа айлық жалақыдан төмен болған жағдайда, аталған мемлекеттік органда, сол лауазымда жұмыс істеген уақыты үшін жалақысындағы тиісті айырмашылықты көздесін.

2. Облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдері жергілікті

бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік органдардың еңбекақы қорында осы қаулының 1-тармағында көрсетілген айырмашылықты көздесін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК